

**Қазақстан Республикасының Президенті Іс Басқармасының "Материалдық-техникалық қамтамасыз ету базасы" республикалық мемлекеттік кәсіпорнын құру туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 1997 жылғы 9 қазандағы N 1432

Жоғары және орталық мемлекеттік органдардың Ақмола қаласына көшірілуіне байланысты, мемлекеттік өкімет органдарын және Қазақстан Республикасының Президенті Іс Басқармасына бағынысты ұйымдарды азық-түлік, өнеркәсіп, шаруашылық тауарларымен, материалдармен, мүкәммалмен жабдықтауды жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Президенті Іс Басқармасының шаруашылық жүргізу құқығымен "Материалдық-техникалық қамтамасыз ету базасы" республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі - Кәсіпорын) құрылсын.

2. Қазақстан Республикасы Президенті Іс Басқармасы Кәсіпорынды мемлекеттік басқару органы, сондай-ақ мемлекеттік меншік құқығы субъектісінің оған қатысты функциясын жүзеге асыратын органы болып табылады деп айқындалсын.

3. Кәсіпорынның қызметі Қазақстан Республикасының жоғары және орталық мемлекеттік органдарын, кәсіпорындар мен ұйымдарды материалдармен, құрал-жабдықтармен, мүкәммалмен, қосалқы бөлшектермен және басқа да ресурстармен қамтамасыз етуге бағытталады деп белгіленсін.

4. Қазақстан Республикасының Президенті Іс Басқармасы белгіленген тәртіппен Кәсіпорынның Жарғысын бекітсін және тіркеуден өткізсін, жарғылық қорын қалыптастырсын, басқа да ұйымдастыру мәселелерін шешетін болсын.

5. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігі "Республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың тізбесі туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1996 жылғы 25 маусымдағы N 790 P960790\_ қаулысымен (Қазақстан Республикасының ПҰАЖ-ы, 1996 ж., N 29, 256-құжат) бекітілген республикалық мемлекеттік кәсіпорындардың тізбесіне толықтыру енгізу туралы қаулының жобасын белгіленген тәртіппен әзірлесін және Қазақстан Республикасының Үкіметіне енгізісін.

Қазақстан Республикасы  
Премьер-Министрінің  
міндетін атқарушы

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК